ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«АБАЙ КОЛЛЕДЖІ»КММ

КЕЛІСЕМІН__________

«Абай колледжі» КММ

Директордың оқу жұмысы жөніндегі
орынбасары Бурабаева А.К.

БЕКІТЕМІН__________

«Абай колледжі» КММ-нің директоры

Р.А.Жумаканов

**Орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу жұмыс бағдарламасы**
**2022-2023 оқу жылы**

**ЖБП 00 Жалпы білім беру пәндері / ЖБП 02 Қазақстан тарихы**
(модуль атауы)

Мамандығы: 07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»
Біліктілігі: 3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»

Мамандығы: 07150500 «Дәнекерлеу ісі»
Біліктілігі: 3W07150501 «Электрдәнекермен дәнекерлеуші»

Оқыту нысаны күндізгі негізгі орта білім базасында

Жалпы сағат саны 96 кредиттер 4[1]

Теориялық сағат -72
Тәжірибелік сағат -24

Әзірлеуші (-лер): Батырбаева С.М.
(қолы) Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Жалпы білім беру пәндер бірлестігінің №1 отырысында қаралып, талқыланды
Хаттама №_1__ «_31_»08. 2022 ж.

Жетекшісі__________Мамерова Ж.М.
(қолы)

[1] – кредиттік оқыту технологиясын жүзеге асырған жағдайда толтырылады

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба 4

2. Пәннің тақырыптық жоспары 7

3. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері 11

4. Әдебиеттер мен оқу құралдарының тізімі 28

Түсіндірме жазба

Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірленген. Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған әдебиеттер тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған. Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі заманғы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың мағынасы мен мәнін түсінуді қамтамасыз етеді және тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтық пен қазақстандық бірегейлікті, гуманистік ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтармен ашара отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және өзіндік тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пайымдаулардың мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, ізденушілік жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану. Оқу бағдарламасы балалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдылары

қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиісті жүйеге келтіру тетігіндегі тарихи концепттерге (түйінді ұғымдарға) негізделеді:
1) өзгеріс пен сабақтастық;
2) себеп пен салдар;
3) дәлел;
4) ұқсастық пен айырмашылық;
5) маңыздылық;
6) интерпретация.
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жұмыс оқу бағдарламаларын құруда төмендегідей құқықтары бар:
– оқытудың әртүрлі технологияларын, түрін, ұйымдастыру әдістері мен оқу үдерісін бағалау түрлерін таңдауға;
– оқу уақытының жалпы сағат көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (жалпы оқытуға бөлінген сағат көлемінде);
– нақты деректер мен фактілерге негіздей отырып, пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгертуге. Жұмыс берушілердің талаптары мен жергілікті жағдайларға байланысты аймақтық компонентті енгізу арқылы бөлімдер мен тақырыптар тізімін толықтыру және өзгерту мақсатында өзгертуге болады. Қазақстан тарихын оқыту барысында бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптар жүйесі бойынша кәсіптік білім беру бағдарламасындағы пәндермен тығыз байланыс жасау керек: саясаттану және әлеуметтану негіздері, философия негіздері, құқық негіздері, экономика негіздері, дүниежүзі тарихы, география, мәдениеттану. Пәнаралық байланыс білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда, өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білуді, шешім қабылдауды, топта жұмыс жасау, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды пайдалану дағдысын қалыптастыруды көздейді.

# Пәннің тақырыптық жоспары К-11

| № | Бөлімдер мен тақырыптар атауы | Сағат саны | |
|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Сабақ теориялық |
| **I Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері** | | **12** | |
| 1. | **Тақырып.** Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері | 2 | |
| 2. | **Тақырып.** Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы | 2 | |
| 3. | **Тақырып.** Орталық Азияда өркениеттердің пайда болу факторлары және ежелгі ошақтары | 2 | 2 |
| 4. | **Тақырып.** «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы және дала өркениетінің қалыптасуының ерекшеліктері. | 2 | |
| 5. | **Тақырып.** Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті | 2 | |
| 6. | **Тақырып.** Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі | 2 | |
| **II Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер** | | **4** | 2 |
| 7. | **Тақырып.** Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер | 2 | |
| 8. | **Тақырып.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы | 2 | |
| | **III Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан** | **20** | |
| 9. | **Тақырып.** Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер | 2 | 2 |
| 10. | **Тақырып.** Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы | 2 | |
| 11. | **Тақырып.** Ұлы Дала көшпенділерінің империялары | 2 | |
| 12. | **Тақырып.** Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. | 2 | 2 |
| 13. | **Тақырып.** Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері | 2 | |
| 14. | **Тақырып.** Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі | 2 | |
| 15. | **Тақырып.** Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары | 2 | 2 |
| 16. | **Тақырып.** Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17. | **Тақырып.** Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі | 2 | |
| 18. | **Тақырып.** Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. | 2 | 2 |
| **IV Бөлім. Мәдениеттің дамуы** | | **12** | |
| 19. | **Тақырып.** Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы | 2 | |
| 20. | **Тақырып.** Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері | 2 | |
| 21. | **Тақырып.** Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. Тарих және мәдени ескерткіштер. | 2 | 2 |
| 22. | **Тақырып.** Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар | 2 | |
| 23. | **Тақырып.** Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет | 2 | |
| 24. | **Тақырып.** Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы | 2 | |
| **V Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері** | | **8** | |
| 25. | **Тақырып.** Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі | 2 | 2 |
| 26. | **Тақырып.** Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және отырықшылықтың дамуы. Қолөнер мен кәсіптер. Ұлы Жібек жолының рөлі. | 2 | |
| 27. | **Тақырып.** Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері | 2 | |
| 28. | **Тақырып.** XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы | 2 | |
| **VI Бөлім. Саяси-құқықтық процестер** | | **10** | |
| 29. | **Тақырып.** Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы | 2 | 2 |
| 30. | **Тақырып.** Қазақстан халқының этнодемографиялық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы) | 2 | |
| 31. | **Тақырып.** Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы | 2 | |
| 32. | **Тақырып.** Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты | 2 | |
| 33. | **Тақырып.** Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты | 2 | |
| **VII Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы** | | **14** | 2 |
| 34. | **Тақырып.** Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35. | **Тақырып.** Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы | 2 | |
| 36. | **Тақырып.** "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары | 2 | 2 |
| 37. | **Тақырып** «Алаш» - қоғамдық ой және ұлттық идея | 2 | |
| 38. | **Тақырып.** "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері, және «Алаш» қозғалысының саяси [illegible] | 2 | 2 |
| 39. | **Тақырып.** «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктірудің негізі | 2 | |
| 40. | **Тақырып.** "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары | 2 | 2 |
| **VIII Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы** | | **14** | |
| 41. | **Тақырып. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы** | 2 | |
| 42. | **Тақырып.** Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы | 2 | 2 |
| 43. | **Тақырып.** XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы | 2 | |
| 44. | **Тақырып.** XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым | 2 | |
| 45. | **Тақырып** Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Қазақ КСР Ғылым Академиясы - КСРО-ның ірі ғылыми орталығы | 2 | |
| 46. | **Тақырып**.: Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі | 2 | |
| 47. | **Тақырып.** Қазақстан Республикасы білімінің ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы | 2 | 2 |
| | Қорытынды : **Тест Қайталау** | **2** | |
| | **Барлығы:** | **96** | |